

Шахтинск қалалық мәслихатының 2020 жылғы 20 шілдедегі № 1742/40 "Шахтинск қаласының аумағында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар және пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының 2024 жылғы 27 наурыздағы № 322/9 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 1 сәуірде № 6576-09 болып тіркелді

Шахтинск қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шахтинск қалалық мәслихатының 2020 жылғы 20 шілдедегі № 1742/40 "Шахтинск қаласының аумағында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар және пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5966 тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 2-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шахтинск қалалық мәслихатының төрағасы

Ж. Мамерханова

Шахтинск қалалық мәслихатының

2024 жылғы 27 наурыздағы

№ 322/9

шешіміне қосымша

Шахтинск қалалық мәслихатының

2020 жылғы 20 шілдесі

№ 1742/40

Шешімге 2 қосымша

Пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары

Шахтинск қаласының келесі объектілерінің іргелес аумақтарынан кемінде 800 метр қашықтықта пикеттеуді өткізу шекаралары:

- 1) жаппай жерлеу орындары;
- 2) теміржол, су, әуе және автомобиль көлігі объектілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтары;
- 3) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға іргелес жатқан аумақтары;
- 4) қауіпті өндірістік объектілерге және пайдалануы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілерге іргелес жатқан аумақтары;

5) магистральдық теміржол желілер, магистральдық құбыржолдар, ұлттық электр желілері, магистральдық байланыс желілері және оларға іргелес жатқан аумақтары.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК